



Тарихи шеру - «ҚИМАҚ.TIME»

Махаббат ТӨЛЕБАЙ

Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ertis» бөлімшесі алаңында халықаралық музей күніне арналған тарихи қайта құру шарасы өтті. Өңір тұрғындары мен қонақтарының назарына эксклюзивті Шығыс жәрмеңкесі және жанданған экспонаттар ұсынылды.

Аталған «ҚИМАҚ.TIME» тарихи реконструкциясынан кейін жергі-лікті шығармашылық ұжымдардың қатысуымен мерекелік бағдарлама ұсынылды. «Ertis» мультимедиялық музей ішінде ежелгі заманнан бастап экспонаттар орналастырылды. Көпшілікпен бірге музей ішін аралаған облыс әкімі Әбілқайыр Сқақов өңірімізден табылған жәдігерлерге ерекше тоқталды.

- Мұндағы әрбір зат – еліміздің тарихы. Кітаптан оқу - бөлек дүние. Ал жәдігерлерді өз көзіңізбен көріп, танысу - ерекше сезім. Сондықтан, жазғы лагерь барысында оқушыларды, ауылдық жерлерден балаларды арнайы әкелуіміз керек. Тіпті, колледж студенттері де тарих беттерінен сыр шертетін мекемемен танысуы тиіс, - деді Әбілқайыр Бақтыбайұды. Осы уақытқа дейін дәстүрге арналған музей түні Астана көшесі бойында өткізілген болатын. Биыл қызметкерлер Ертіс өзені жағалауын мекендеген тарихи аңызға сүйеніп, театр-ландырылған қойылымды көрсетті. Мұнда қимақ, татар, баяндар, қыпшақ, ланикас, аджлад сияқты халықтардың өкілдері, қимақ халқы бейнеленді. Г.Н.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі басшысының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Айгүл Сағатованың айтуынша, шараның басты мақсаты - Ертіс-Баян өңірінің тарихи-мәдени мұрасын танымал ету.

- Өткен жылдың қараша айында Қимақ қағанатынан Қазақ хандығына дейінгі аралықты қамтитын халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткіздік. Деректерге сүйенер болсақ, 9-

11 ғасырларда Ертіс өзенінің төменгі ағысын бойлай Қимақ қағанаты өмір сүрген деген мәліметтер бар. Сондықтан, осы идеяны жалғастыру үшін тұңғыш рет «Ertis» музейінде «ҚИМАҚ.TIME» тарихи реконструкциясын өткізуді жөн санадық, - деп атап өтті ол. Павлодар қаласының тұрғындары мен қонақтары кинорежиссер Шәкен Айманов, Григорий Потанин жұбайымен, Қаныш Сәтбаев және Юрий Орлов өмірімен етене танысып, олармен бірге суретке түсті. Сондай-ақ, қимақ жауынгері және түнгі мұражайдың басқа да экспонаттарын тамашалады.

Музей түні. Тарихқа үңілу

*Жабайылық бұл күні санаға жат,
Руханияты жаңғырған қала ғажап!
Маң-маң басқан мамонтқа ілесіп кеп,
Осы өңірде қап қойды-ау баба қазақ.*

*Төмен сырғып мұз көшкін биіктерден,
Дүлей дәуір ығысты иықты ерден.
Сонсын баба қазақ пен Өлеңтіге
Алтын мүйіз киелі киік келген...*

*Тас ғасыры ғажайып түсім еді,
Таңбалы тас соны еске түсіреді.
Сонсын жылқы, жарықтық,
Бабаларды
Сапарға алыс шақырып кісінеді.*

*Кеткенінде қағынан құлан жеріп,
Қабылан жұрт жөңкілді ұранға еріп.
Самала нұр себездеп шаңыраққа,
Тұғырына қонғанша қыран келіп.*

*Соның бәрін көзіммен көргендейін,
Көне керуен жолымен серуендейін.
Ұлып тұрған көкбөрі
Ұлттық рухтың
Үнін естіп кеудеме енген кейін.*

*Білем, ұрпақ біздерден кем қалмасын,
Ел-жұрт жастық жігерді енді аңдасын.
Өйткені олар аспанға көтеріп тұр,
Ертіс-Баян өңірі елтаңбасын!..*

Арман ҚАНИ,
Павлодар қаласы.

Ерболат ӘМІРЕНОВ, көрермен:
- Халықаралық музей күніне орай ұйымдастырылған «ҚИМАҚ.TIME» жобасы халқымыздың рухани байып, кемелдене түсуіне жақсы әсер етеді деп

ойлаймын. Бүгінгі жиылған халықтың санында есеп жоқ. Пандемиядан кейін өтіп жатқан мағыналы шаралардың бірі. Мұнда ұлттық құндылықтарымыз қайта жанданып отыр. Себебі, ұсынылған мерекелік бағдарлама, театрландырылған қойылым, көрмедегі заттардың барлығы демалыс ретінде саналса, екінші бір тараптан әрбірімізді мәдени байытқаны сөзсіз.